

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

«Оңтүстік Қасқырбұлақ кен орны бойынша рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», әсерге экологиялық рұқсат алу шеңберіндегі табиғат қорғау іс-шараларының жоспары материалдар» жобасы бойынша қоғамдық тыңдалым.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілікаумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **«Атырау облысы Жылыой ауданы, Аққизтоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Оңтүстік Қасқырбұлақ кен орны бойынша рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», әсерге экологиялық рұқсат алу шеңберіндегі табиғат қорғау іс-шараларының жоспары материалдар» жобасы.

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі **Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМҚ.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Оңтүстік Қасқырбұлақ кен орны географиялық жағынан Каспий маңы ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігінде, ал әкімшілік жағынан Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылыой ауданының аумағында орналасқан.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Атырау облысының Жылыой ауданы (келісімшарттық аумақ осы ауданның жерінде әкімшілік орналасқан).

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: "Petroleum Industries" Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі; Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 40, н. т. 8, БСН 240540000938, телефон: +7(701)-9575175, Директор: Спанов А.Р. e-mail: petroleum.industries24@gmail.com,

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері. «СМАРТ Инжиниринг» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі. Заңды мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Л.Чайкина көшесі 1/1, 2 қабат, БСН 060340007305, Телефон: +7 727 334 17 67/68, E-mail: info@smart-eng.kz, Бас директор: Майлыбаев Р.М.

8. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық отырысының күні (күндері) мен уақыты):

Күні: 11.03.2026ж. 15:30 мин.

Тіркеу уақыты: 11.03.2026ж. 15:00 мин.

Қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты: 11.03.2026ж. 15:30 мин.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 11.03.2026ж. 16:15 мин.

Өткізу орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аққизтоғай а. о., Аққизтоғай а., Меңдекеш Сатыбалдиев к-сі, 1 ғимарат.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференц байланыс арқылы) өткізіледі.

Бейнеконференц байланыс форматында қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасы арқылы келесі сілтемеге өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtlzHkmQoqFvfPG.1>

Жеке конференция нөмірі: 984 078 7984

Кіру коды: 123456

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Шығыс нөмірі: 26540423001, Күні: 04/02/2026ж. **Қосымша-1.**

Шығыс нөмірі: 26540423001, Күні: 04/02/2026ж. **Қосымша-2.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы **Хаттаманың №3** қосымшасында ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда:

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/31289>

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>. «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.» ММ. Жарияланған күні: 04/02/2026ж.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Кең Жылыой» Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газетінде қазақ тілі және орыс тілінде хабарлама 05.02.2026ж. №5 (8209) Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **4-қосымшада** қоса берілген.

05.02.2026ж. «АТЫРАУ» телеарнасы эфиріне шыққан, (Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына телеарнада қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы эфирлік анықтама қоса берілген). Эфирлік анықтама **4-қосымшада** қоса берілген.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аққизтоғай а. о., Аққизтоғай а., Мендекеш Сатыбалдиев к-сі, 1 ғимарат мекенжайы** бойынша **екі тілде бір дана** хабарландыру. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымша 5.**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Хатшы болып бірауыздан «СМАРТ Инжиниринг» ЖШС-нің өкілі Туреханов Н.Т. сайланды.

Дауыс бергендер «қарсы емес» – 23 адам (20 жеке қатысушы, 3 конференциялық байланыс арқылы) «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

Дауыс бергендер «қарсы емес» – 23 адам (20 жеке қатысушы, 3 конференциялық байланыс арқылы), «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы: "СМАРТ Инжиниринг" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.

Баяндаманың тақырыбы: «Оңтүстік Қасқырбұлақ кен орны бойынша рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», әсерге экологиялық рұқсат алу шеңберіндегі табиғат қорғау іс-шараларының жоспары материалдар» жобасы

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны) 25 бетті презентация. **Қосымша 7.**

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі..

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	Аққизтоғай ауылының тұрғыны: - 5 км тым жақын емес пе?	"СМАРТ Инжиниринг" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Санитарлық-қорғау аймағы – 1 км болады.	Ескерту жойылды
2	Жылыой ауданының қоғамдық кеңес мүшесі: Идрисқызы Гульмира: 1. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының (СЭС) мамандары қоғамдық тыңдауға қатысып отыр ма? 2. Егер қатыспаса, оның себебі қандай? 3. Санитарлық-қорғау аймағына қатысты бірқатар сұрақтарым бар? Жоба І санаттағы объектілерге жатады, яғни экологияға әсер ету деңгейі жоғары нысандар қатарына кіреді. Сонымен қатар, нысан Аққизтоғай елді мекенінен шамамен 6 км қашықтықта орналасқан. Жоба материалдарында жылына 100 тоннадан астам зиянды заттар шығарындылары болады деп көрсетілген. Есептеулер 2026, 2027 және 2028 жылдарға жүргізілген. Егер санитарлық-қорғау аймағы 1000 метр деп белгіленсе, онда атмосфераға таралатын газдардың, күкіртсутектің және басқа да зиянды заттардың таралу радиусы қанша километрге дейін есептелген? 4. Есептеулер барысында түрлі зиянды ингредиенттер қарастырылған. Соның ішінде метан газы көрсетілген. Метан – адам денсаулығына қауіп төндіретін зиянды заттардың қатарына жатады. 5. Көрсетілген есептеулер ЭРА бағдарламасы арқылы жүргізілген және «Қазгидромет» деректері пайдаланылған. Алайда «Қазгидромет» станциясы	"СМАРТ Инжиниринг" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. 1. Конференциялық байланыс арқылы Атырау облысы бойынша Экология департаментінің мамандары және Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілдері қатысып отыр. 2. Мүдделі мемлекеттік органдарға тиісті хаттар жолданды. 3. 1 км жерден аспайды. Жобалық материалдарда көрсетілгендей, таралу есептеулерінің нәтижелері бойынша жасалған жиынтық кестеде жерге жақын концентрацияларды есептеу талдау кестесі берілген. Аталған талдау нәтижесіне сәйкес, жұмыстардың барлық кезеңдерінде санитарлық-қорғау аймағының (СҚА) шекарасында бірде-бір ингредиент бойынша 1 шекті рұқсат етілген концентрацияның (ШРК) асуы байқалмайды. 4. Метан бойынша көрсеткіш – 0,1, яғни өте төмен, минималды деңгейде. 5. Есептеулер 2026–2028 жылдарға жобадарға – 4 ұңғымаға сәйкес және де болжамды мұнай өндіру көлеміне байланысты есептеулер жүргізілді. 2027	Ескерту жойылды

<p>Аққизтоғай елді мекенінен шамамен 40 км қашықтықта, Құлсары қаласында орналасқан. Бұл деректер нақты жағдайды толық көрсетпеуі мүмкін. Мысалы, теңіз аймағындағы сары деңгейдегі аймақты, жасыл деңгейде көрсеткен болатын, яғни болжамды нұсқаны айналдырып жіберуде. Сонымен қатар, жақында болған өрт кезінде де «Қазгидромет» деректерінде нақты жағдай толық көрініс таппаған болатын. Осыған байланысты ең жақын елді мекенде ауаның сапасын тұрақты бақылап, күнделікті мониторинг жүргізетін құрылғы орнату қажет деп есептеймін. Себебі, ең жақын аймақ 6 км шақырым жерде орналасқан. Қазіргі уақытта сіздер бір ұңғыманы зерттеп, аз көлемде болса да мұнай алынғанын көрсетіп отырсыздар. Сонымен қатар, тағы 3 ұңғыманы бұрғылау жоспарланып отыр. Жобалық құжаттарға сәйкес, 4 ұңғымадан алынатын болжамды мұнай қоры көрсетілген. Зерттелген және дәлелденген қор - ол С1 қоры. Сонымен қатар С2 қоры бойынша қосымша зерттелетін қорлар бар 2 нұсқа бар. С1-де 1774 мың тонна мұнай қоры бар, ал С2-де 1624 мың тонна мұнай бар. Шамамен 3,4 млн тонна мұнай қоры бар. Бұл жобада тұр. Демек, дәлелденген және бұл жерде мұнай қоры бар. 2026ж, 2027 ж – 108 тонна, 2028 ж – 106 тонна зиянды шығарындылар, көрсетілген мұнай қорының көлемімен есептеліп тұр ма? Резервте тұрған 1774 мың тонна мұнайда шығатын шығарынды мөлшері қандай? С2-де 1624 мың тоннадан шығатын шығарынды мөлшері қандай? Қазіргі уақытта 5 мың тоннадай өндіргенсіздер.</p> <p>6. 3 жылда әр жыл сайын 100 тонна шығарындылар шығып отыр.</p> <p>7. Қалдықтардың ішінде бұрғылау шламы және мұнай шламы бар. Осыған байланысты атмосфералық ауа сапасын бақылау қалай жүргізіледі? Жобада «Қазгидромет» деректеріне сүйеніп көрсетілген, алайда ең жақын елді мекен 6 км қашықтықта орналасқан. Бұған дейін мұндай қашықтықта орналасқан нысанға рұқсат берілген жоқ.</p> <p>8. Менің сұрағым: ауа сапасын бақылауды қамтамасыз ететін құрылғы.</p> <p>9. Болашаққа ұсыныс ретінде: Аққизтоғай елді мекенінің маңында ауа сапасын бақылауға арналған арнайы құрылғы орнату қажет деп санаймыз. Егер толық станция орнату мүмкін болмаса, кем дегенде ауаның сапасын өлшейтін мониторингтік құрылғы орналастырылса дұрыс болар еді. Бұл ұсыныс аудан әкіміне де жолданады. Ең жақын өндірістік нысан сіздердің компания болғандықтан, осы мәселені қарастыруды сұраймыз.</p> <p>10. Табиғатты қорғау іс-шаралары</p>	<p>және 2028 жылдармен салыстырғанда, 2026 жыл ең жоғары мұнай өндіру жылы болып табылады. Жалпы есептеулер жобадағы болжамды мұнай өндіру көлеміне негізделіп жүргізілді. Мұнай өндіру 2026 ж - 4,474 мың тонна, ал 2027 ж - 3,778 мың тонна.</p> <p>6. 2026 жылға: 108,453656817 т/жыл 2027 жылға: 108,040622617 т/жыл 2028 жылға: 106,3584518 т/жыл. Мұнай өндіру көлемінің азаюына байланысты шығарындылар көлемі жыл сайын төмендеуде.</p> <p>7. Жобаның құрамында өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы және табиғат қорғау іс-шараларының жоспары қарастырылған.</p> <p>8. «Қазгидромет» метеостанциялары мемлекеттік тапсырма аясында жұмыс істейді. Ауаның сапасын бақылау құрылғысын орнату жөніндегі ұсынысты e-Otinish порталы арқылы жолдауға болады.</p> <p>"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.:</p> <p>9. Қазіргі уақытта өндірістік қызмет енді басталып жатыр. Әзірге өндірістік айналым қалыптасқан жоқ. Мысалы, ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарының өзі айтарлықтай инвестициялық қаржыны талап етеді. Ұсыныстарыңыз түсінікті және назарға алынды. Болашақта метеостанция орнату және жел бағытына байланысты сигналдарды қабылдайтын бақылау жүйесін ұйымдастыру.</p> <p>10. Ол жұмыстар 2026 жылға жоспарланған.</p> <p>"СМАРТ Инжиниринг" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.</p> <p>11. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, әрбір кәсіпорын пайдалануға берілген кезде парниктік газдар шығарындыларын түгендеуді (инвентаризация) міндетті түрде жүргізуі тиіс. Осыған байланысты парниктік газдар паспорты әзірленеді. Әдетте мұндай паспорт ірі кәсіпорындарда жасалып, жыл сайын тиісті органдарға ұсынылады. Аталған кәсіпорында газ өндіру жұмыстары жүргізілмесе де, табиғат қорғау іс-шараларының жоспары аясында парниктік газдар шығарындыларын есепке алу талаптары міндетті түрде қарастырылуы тиіс.</p>	
--	--	--

	<p>жоспарына сәйкес 10 түп ағаш отырғызу қарастырылған. Алайда алдыңғы кезеңде бұл шара орындалған жоқ. Бұл мәселе туралы аудан әкімдігі хабардар. Болашақта 10 түп ағаш емес, кемінде 100 түп ағаш отырғызу қарастырылса дұрыс болар еді.</p> <p>11. Табиғат қорғау іс-шараларының жоспарында - Парниктік газдар шығарындыларын инвентаризациялау деп айтылған. Газ шығарындылары ма сонда?</p> <p>12. Жақсы. СЭС не себепті қосылмай отыр деген сұраған себебім: санитарлық-қорғау аймақ. Санитарлық-қорғау аймағы 1000 метр болып белгіленген жағдайда, сараптама жүргізілді ме? Рұқсат алынған ба?</p> <p>13. Осы уақытқа дейін санитарлық-қорғау аймағына қатысты сіздерде әзірленген жоба қайда? Себебі, вахталық қалашық орнатылған.</p> <p>14. Менің ойымша, егер санитариялық-эпидемиологиялық қызмет сіздерге рұқсат берген жағдайда, олар конференциялық байланыс арқылы қоғамдық тыңдауға қатысар еді. Демек, рұқсаттама болмауы мүмкін.</p> <p>15. Менің сұрағым: осы уақытқа дейін әзірленген жобаларда рұқсат болған ба? Сол нұсқаны қандай себеппен қоспадыңыздар?</p> <p>16. Сіздердің алдарыңызда «Petrocraft» мекемесі болған. Қазіргі уақытта мекеменің өзгеруінің себебін түсіндіріп бересіз бе?</p> <p>17. Мекеменің қайтадан өзгермейтініне кім кепіл? Әр жерді қазып, тастап кетіп қалатын болса, жеріміздің жағдайы не болмақ?</p> <p>18. Қазіргі уақытта қазылған ұңғымалар ашық күйде тұр ма?</p> <p>19. Яғни, ұңғымалардың бетіне ешқандай консервация жүргізілген жоқ па? Ашық күйде тұр ма?</p>	<p>12. Пайдану кезеңіне енгеннен кейін жасалынады. Санитарлық қорғау аймақтарының алдын ала жобасы қазіргі таңда параллельді дайындалуда. Қазіргі уақытта санитарлық-қорғау аймағының алдын ала жобасы жоқ. Нысан пайдалануға берілген кезде санитарлық-қорғау аймағын алдын ала есептеу жобасы әзірленеді. Пайдалануға берілгеннен кейін 1 жыл өткен соң, қолданыстағы заңнамаға сәйкес санитарлық-қорғау аймағының нақты есептелген жобасы әзірленеді.</p> <p>13. Қазіргі таңда заңнамаға өзгерістер енгізілуде. Соған сәйкес санитарлық-қорғау аймағының жобасы алдын ала жоба және түпкілікті жоба болып бөлінеді. Пайдалануға берілгеннен кейін алдын ала есептеу жобасы әзірленеді.</p> <p>14. Жоқ. Санитарлық-қорғау аймағының жобасы нысан пайдалануға берілгеннен кейін құжаттар әзірленеді.</p> <p>15. Жобаның құрамында санитарлық-қорғау аймағының есептік мөлшері қарастырылған. Ол 1-кестеде көрсетілген. Атмосфералық ауаның жерге жақын қабатында санитарлық-қорғау аймағының шекарасында шекті рұқсат етілген концентрациялардың артуы болжанбайды, сондықтан оның шекарасынан тыс аймақта асып кету байқалмайды.</p> <p>"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.:</p> <p>16. Мекеменің басшылығы өзгерді. «Petrocraft» мекемесі инвестициялық қаражат таба алмауына байланысты келісімшарттық аумақты басқа мекемеге сатты.</p> <p>17. Жоқ. Қазылған учаскелерде міндетті түрде жою немесе консервациялау жұмыстары жүргізілгеннен кейін ғана жер қайтарылады. Жер учаскелері бастапқы жағдайына келтіріледі.</p> <p>18. Ұңғымалардың сағасында фонтандық арматура орнатылған. Барлығы жабық күйде және пломбаланған.</p> <p>19. Бұл — жұмыс істеп тұрған ұңғыма.</p>	
2	<p>Аққизтоғай ауылының тұрғыны:</p> <p>1. Менің сұрағым Қуат мырзаға қатысты. Ауылымыздың іргесіне келіп мұнай өндіру жоспарланып отыр. Аққизтоғай елді мекенінің жайлауы мен</p>	<p>"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.:</p> <p>1. Ұңғымалар орналасқан жерлер міндетті түрде қоршалады.</p> <p>2. Ұңғыманың сағасының</p>	Ескерту жойылды

	<p>жайылымдық жерлеріне мал шыққан уақытта, аумақтың жан-жағы толық қоршала ма?</p> <p>2. Қазіргі уақытта әлі қоршалмаған ба?</p> <p>3. Техникаларыңыз қандай жолдар арқылы қозғалады?</p> <p>4. Жұмыстар басталған кезде техникалар жүретін болады ғой?</p> <p>5. Жергілікті тұрғындарды жұмысқа қабылдасаңыздар деген ұсынысымыз бар.</p> <p>6. Көмек көрсетіліп жатқан жоқ деп айтпаймын. Көмек көрсетілуде. Алайда әлі де қолдау қажет. Экология мәселесі бізге әсер етеді, ал пайдасын тек сіздер көретін болсаңыздар, бұл дұрыс емес. Сондықтан біз Үкіметтен де көмек сұрайтын боламыз.</p>	<p>айналасында топырақ үйіндісі жасалып, кейін қоршау орнатылады. Кен орнының жалпы аумағын толық қоршау мүмкін емес, себебі оның аумағы өте үлкен. Сондықтан тек ұңғымалар мен өндірістік объектілер орналасқан учаскелер ғана қоршалады.</p> <p>3. Қазіргі уақытта біздің техникалар жоқ.</p> <p>4. Техникалар грейдерлік жолға шығатын, мемлекеттік органдармен келісілген қолданыстағы жолдар арқылы қозғалады.</p> <p>5. Болашақта жұмыстар басталып, бұрғылау жұмыстары кеңейтілген жағдайда мамандарға қажеттілік туындайды. Қазіргі уақытта жұмыс істеп жатқан қызметкерлердің қатарында жергілікті ауыл тұрғындары да бар.</p> <p>6. Жақсы, назарға алынды.</p>	
3	<p>Аққизтоғай ауылдық округі әкімі: Кабиденов М.А.:</p> <p>1. Қазіргі уақытта қанша адам жұмыс істеп жатыр?</p> <p>2. Алдағы уақытта қанша адамды жұмысқа қабылдайсыздар?</p> <p>3. Жұмыстар басталған кезде, бірінші кезекте Аққизтоғай ауылының тұрғындарын жұмыспен қамтуды сұраймын. «Маман табылмады» деген жағдай болмауы тиіс. Мүмкіндігінше ауыл тұрғындарының кемінде 90%-ын жұмысқа қабылдап, қажет болған жағдайда оқыту ұйымдастыруды ұсынамын.</p>	<p>"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.:</p> <p>1. Қазіргі уақытта 4 адам жұмыс істейді. Вахталық әдіспен 2 адамнан кезектесіп қызмет атқарады.</p> <p>2. Бұл ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарының көлеміне байланысты болады. Жұмыстар біртіндеп кеңейген сайын қызметкерлер саны да артады. Қазіргі уақытта нақты санын айту мүмкін емес. Дегенмен, міндетті түрде элекрик мамандары мен операторлар қажет болады. Жалпы штат саны кезек-кезеңімен ұлғаяды.</p> <p>3. Назарға алынды.</p>	Ұсыныс
4	<p>Аудандық-қоғамдық белсендісі: Шарипов Аманжол:</p> <p>1. Бұл аумаққа геологиялық-техникалық негіздемені (ГТН) қайдан алдыңыздар? Неліктен кен орны «Оңтүстік Қасқырбұлақ» деп аталады? Қасқырбұлақ шамамен 25–30 км қашықтықта орналасқан. Бұл аумақ «Жаңақонақ» деп аталады.</p> <p>2. Энергетика министрлігі бұл аумаққа келмеген болуы мүмкін. Сондықтан нақты білмеуі ықтимал. Геологиялық-техникалық негіздемені қайдан алды?</p> <p>3. Аталған компания Биікжал аумағында, бұл жерден шамамен 50 км қашықтықта жұмыс жүргізген. Ал Қасқырбұлақ шамамен 20 км жерде орналасқан. Сіздер болсаңыздар «Оңтүстік Қасқырбұлақ» деп атап отырсыздар.</p> <p>4. Бұрын бұл аумақта қытайлық компания 2–3 мәрте бұрғылау жұмыстарын жүргізген. Сол компаниямен байланыстарыңыз бар ма?</p>	<p>"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.:</p> <p>1. Кен орнының атауы мен учаске атауы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі тарапынан берілген. Біз бұл атауды өзіміз қойған жоқпыз.</p> <p>2. Бұрын осы кен орнында «Адау Petroleum» компаниясы жұмыстарын жүргізген.</p> <p>3. Біз бұрынғы компания бұрғылаған ұңғыманың маңында бұрғылау жұмыстарын жүргіздік. Кен орнының атауы Энергетика министрлігі тарапынан бекітіледі. Министрліктің өз геологиялық карталары мен геологиялық бөлу материалдары бар.</p> <p>4. Жоқ. Ол компаниямен ешқандай байланысымыз жоқ.</p> <p>5. Иә, жұмыстар 2024 жылы басталды.</p> <p>6. Бұрғылау жұмыстарын Ақтөбе</p>	Ескерту жойылды

<p>5. Жұмыстарды 2024 жылы бастадыңыздар ма?</p> <p>6. Бұрғылау жұмыстарын қай мекеме жүргізді?</p> <p>7. Тек бір ұңғыма бұрғыланды ма?</p> <p>8. Төраға мырза, Экология департаментінің мамандары және Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілдері неге байланысқа шықпай отыр?</p> <p>9. Ауданда штаттық эколог маманы жоқ. Жергілікті тұрғындар арасынан эколог маманын жұмысқа қабылдап, осындай қоғамдық тыңдалымдарға халықпен бірге қатысуын қамтамасыз ету ұсынылады. Сондай-ақ экологиялық мәселелер бойынша халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.</p> <p>10. Жергілікті эколог маманын қайтадан штатқа енгізіп, осындай қоғамдық тыңдауларға қатысуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, геологиялық-пайдалану құжаттарын мұқият қарастыру ұсынылады. Бұрын бұл кен орны «Жаманқонақ» деп аталған. Жер учаскесінің иесі Астана қаласында, ал жобалаушы мекеме Алматы қаласында орналасқан ба?</p> <p>11. Бұл аумақта өнім өндіру жұмыстары басталды ма?</p> <p>12. Жататын орындар бар ма?</p> <p>13. Нысанды барып көруге болады ма?</p> <p>Жылыой ауданының қоғамдық кеңес мүшесі: Идрисқызы Гульмира: - Жаз мезгілінде біз ескертусіз барып тексерген болатынбыз. Ол кезде Батыс Строй сервис мекемесі бұрғылау жұмыстарын жүргізіп жатты. Одан кейін жұмыс тоқтап қалды. Сынамалы пайдалануға 3 ұңғыма қосып жатыр екен.</p> <p>Аудандық-қоғамдық белсендісі: Шарипов Аманжол:</p> <p>14. Бұрғылау шлам қалдықтарын қайда тапсырасыздар?</p> <p>15. Ал бұрғылау кезінде ше?</p> <p>Жылыой ауданының қоғамдық кеңес мүшесі: Идрисқызы Гульмира:</p> <p>16. Мен «Промэкология» мекемесіне тапсырып жатқан уақытта бардым. Бұрғылау шламды ашық түрде КАМАЗ-ға салып жатқан болатын. Сол уақытта ескерту жасаған болатынбыз. Ашық күйінде тасымалданбауын талап еттік. Қалдықтарды тасымалдау кезінде тиісті құжаттардың болуы және экологиялық талаптардың сақталуы қажет. Құлсары қаласына зияны тимейтін жерге бару қажет. Құлсары қаласына «Эко-Техникс» мекемесі тасымалдайды, алайда біз ол мекемеге қарсымыз. Бұрғылау шламдарын қауіпсіз</p>	<p>қаласында орналасқан «Батыс Строй Сервис» мекемесі жүргізді.</p> <p>7. Иә, бір ұңғыма бұрғыланды.</p> <p>8. Атырау облысы бойынша Экология департаменті онлайн режимде байланысқа қосылып отыр.</p> <p>9. Экология департаментінің мамандары және Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілдері онлайн режимде қатысып отыр.</p> <p>"СМАРТ Инжиниринг" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.</p> <p>10. Жобалаушы мекеменің бас кеңсесі Алматы қаласында орналасқан. Сонымен қатар Атырау қаласында филиалдары, кеңселері бар.</p> <p>"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.:</p> <p>11. Қазіргі уақытта тек ұңғымалар бұрғыланып, пломбаланды. Осы қоғамдық тыңдалым сынамалық пайдалану кезеңін бастау үшін өткізіліп отыр. Өндіру жұмыстары алдағы уақытта басталады.</p> <p>12. 1 вагончик қана бар. Себебі, тек 2 күзетші бар.</p> <p>13. Иә, болады. Бұған дейін де тексеру жүргізілген.</p> <p>14. Қазіргі уақытта өндіру жұмыстары жүргізілген жоқ.</p> <p>15. Бұрғылау кезінде қалдықтарды бұрғылау мердігері жауапты ұйым ретінде «Промэкология» мекемесіне тапсырды.</p> <p>16. Экологиялық кодекс талаптарына сәйкес қалдықтар ең жақын лицензияланған полигонға тасымалданады.</p> <p>17. Ұсыныс назарға алынды.</p>
--	--

	полигондарға тасымалдау ұсынылады. 17. Арнайы «West dala (Вест Дала)» секілді жерге тасымалдау ұсынылады.		
5	Аудандық-қоғамдық белсендісі: Шарипов Аманжол: 1. «Промэкология» мекемесіне тапсырылған қалдықтарға қатысты жүккүжат (накладная) бар ма? 2. Келесі кезеңдерде де барлық жауапкершілікті мердігер мекемеге жүктейсіздер ме?	"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.: 1. Иә, барлық құжаттар бар және бұрын көрсетілген. Әрбір қалдық түрі бойынша есеп жүргізіледі. 2. Мердігер ұйымдар тартылғанымен, барлық жұмыстар біздің тарапымыздан бақылауда болады. Барлық экологиялық талаптардың сақталуы тұрақты түрде тексеріледі.	Ескерту жойылды
6	Жылыой ауданының қоғамдық кеңес мүшесі: Идрисқызы Гульмира: 1. Менің ұсынысым бар. Қоғамдық тыңдалымдарға келген компаниялар әлеуметтік жобалар ұсынып келгені дұрыс. Кен орнынан табыс түсетін болғандықтан, ең жақын елді мекенге әлеуметтік қолдау көрсету және инвестициялық жобалар қарастыру ұсынылады. 2. Келесі кезеңге келгенде жергілікті ауылға қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік жобалар әзірлеп келу ұсынылады.	"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.: 1. Қазіргі уақытта біз сынамалық пайдалану кезеңінен өтеміз. Сынамалық пайдалану шамамен 3 жыл жүргізіледі. Осы кезең аяқталғаннан кейін өндірістік пайдалану жобасымен тағы да қоғамдық тыңдалым өткізіледі. Сол кезеңде ұсыныстарыңыз ескеріледі деп сенеміз. 2. Ұсыныс мекеме тарапынан назарға алынды.	ұсыныс
7	Аққизтоғай ауылдық округі әкімі: Қабиденов М.А.: - Елді мекен аумағында атмосфералық ауаның сапасын тұрақты бақылауға арналған мониторингтік құрылғы орнату ұсынылды. - Жобаны іске асыру барысында жергілікті ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту мәселесіне басымдық беру ұсынылды.	"Petroleum Industries" ЖШС-нің өкілі: Мубаров К.: - Аталған ұсыныстар мекеме тарапынан назарға алынды.	ұсыныс


15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар ұсыныстар түскен жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Қабиденов Марат Әлижанович

13.03.2026ж.



Аққайығозаи ауылдық округ әкімі

(өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

Туреханов Мұрлач Турсегаиұлы ТОО "СМАРТ

ИМНИРИНГ" ТҚОЛОГ

13.03.2026ж.



(өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

Ашық нысанда қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті

Қоғамдық тыңдаулардың қатысушыларын тіркеу – Уақыты: 15:00. Күні: 11.03.2026 жыл.

Жиналысқа қатысушылардың саны – 23 адам (20 жеке, 3 конференциалық байланыс (онлайн) арқылы)

Қоғамдық тыңдаулардың келісілген уақытта ашылуы - Уақыты: 15:30. Күні: 11.03.2026 жыл

Баяндамашының сөз сөйлеуі: Баяндамашы: Кисманова А.– "СМАРТ Инжиниринг" ЖШС-нің өкілі.

Баяндамашының сөйлеу уақыты – 15 минут.

Ұсыныстар, сұрақтар негізгі баяндаманы тыңдағаннан кейін талқыланады.

Баяндамаларды талқылау: барлық мүдделі тараптар сұрақтар қойып, өз пікірлерін айта алады.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарын талқылау үшін 5 минуттан аспайтын уақытқа жол беріледі.

Баяндамалар бойынша қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді

Қоғамдық тыңдаулардың қорытындыларын шығару – Уақыты: 16:15, Күні: 11.03.2026 жыл.

Өтетін орны - Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аққизтоғай а.о., Аққизтоғай а., Меңдекеш Сатыбалдиев көшесі 1 үй әкімдік ғимараты.

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 26540423001, Дата: 04.02.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Атырауская область, Жылыойский район, Аккизтогайский с.о., с.Аккизтогай

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Ссылка приглашения для подключения посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtlzHkmQoqFvIFPG.1> Идентификатор конференции: 984 078 7984 Код доступа: 123456

Предмет общественных слушаний: Получение экологического разрешения на воздействие по материалам к проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ) по месторождению Каскырбулак Южный, Программа производственного экологического контроля (ППЭК), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ)

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Атырауская область, Жылыойский район, Аккизтогайский с.о., с.Аккизтогай, ул. Мендекеш Сатыбалдиева, здание 1, 11.03.2026 15:30

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (56 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Прикаспийская Коммуна, Атырау/аналог; Телеканал Атырау/аналог

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Атырауская область, Жылыойский район, Аккизтогайский с.о., с.Аккизтогай, ул. Мендекеш Сатыбалдиева, здание 1

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного

исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Товарищество с ограниченной ответственностью "Petroleum Industries" (БИН: 240540000938), +7(701)-9575175, petroleum.industries24@gmail.com

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "СМАРТ-инжиниринг"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 26540423001, Дата: 04.02.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26540423001, от 04.02.2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Получение экологического разрешения на воздействие по материалам к проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ) по месторождению Каскырбулак Южный, Программа производственного экологического контроля (ППЭК), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ), в предлагаемую Вами 11.03.2026 15:30, Атырауская область, Жылыойский район, Аккызтогайский с.о., с.Аккызтогай, ул. Мендекеш Сагыбалдиева, здание 1(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Petroleum Industries" (БИН: 240540000938), +7(701)-9575175, petroleum.industries24@gmail.com

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "СМАРТ-инжиниринг"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).



№5 (8209)
5 ақпан
БЕЙСЕНЫ,
2026 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылоу

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jyloi_gazeti

* Қоғамдық кеңес

ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІ ҚАЙТЕМІЗ?



Таяуда аудандық Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысы өтті. Жиын барысында аудан аумағында қаңғыбас иттердің бақылаусыз көбеюіне байланысты қалыптасқан жағдай кеңінен қаралды. Бұл мәселе тұрғындардың қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін өзекті әлеуметтік түйткіл ретінде күн тәртібіне шығарылды. Отырыстың жұмысына қала, кент және ауылдық округ әкімдері, сондай-ақ ветеринария саласына жауапты уәкілетті мемлекеттік органның басшысы қатысты. Қоғамдық кеңес мүшелері қаңғыбас иттердің көбею себептерін, оның салдарын, тұрғындарға төнетін қауіп-қатерлерді және атқарылып жатқан әрі алдағы уақытта жүзеге асырылатын шараларды жан-жақты талқылады.

3-БЕТ

* Құқық



Заңсыз мал тасымалдады

Жол үстіндегі салғырт әрекеттің соңы кейде үлкен жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Бұған ауданда өткен кезекті профилактикалық тексеру кезінде анықталған жағдай айқын дәлел болды. 2 ақпан күні аудан аумағында жүргізілген бақылау барысында полиция қызметкерлерінің назарына Ақтау қаласына бағыт алған «Газель» жүк автокөлігі ілікті.

Көлік Мұқыр ауылынан 4 бас түйені тасымалдап бара жатқан. Алайда сырт көзге қарапайым көрінетін бұл жүк көліктің артында заң талаптарының өрескел бұзу фактілері анықталды. Тексеру барысында жүргізушінің мал тасымалдауға қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптарды мүлдем сақтамағаны белгілі болды. Сонымен қатар тірі малды тасымалдау кезінде міндетті түрде орындалуы тиіс қауіпсіздік және құжаттық тәртіптер ескерілмеген. Тәртіп сақшылары мұндай салғырттық әрекеттер жол

қозғалысы қауіпсіздігіне, сонымен қатар адамдардың денсаулығына да үлкен қауіп төндіруі мүмкіндігін ескертті. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 406-бабының 2-бөлігіне (ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды, талаптарды және ветеринариялық нормативтерді бұзу) сәйкес жүргізушіге қатысты әкімшілік хаттама толтырылды. Нәтижесінде құқық бұзушыға 43 250 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Өз кезегінде

полицейлер тұрғындарға заңсыз мал тасымалдау, белгіленбеген орындарда бөлшектеу мен малды сою, ен-таңбалары жоқ малдарды саудаға салу деректерін болдырмау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жалғаса беретінін ескертті. Мал тасымалдау кезінде талаптардың сақталмауы жұқпалы аурулардың таралу қаупін арттырып, қоғамдық қауіпсіздікке тікелей әсер етеді. Сондықтан заңда бұл салаға қатысты талаптар қатаң бекітілген.

А. ТАЛАПҚЕР

* Баспасөз - 2026

Кен Жылоу

газетіне 2026 жылға жазылу жалғасуда!

- * Ауданға қатысты жаңалықтар
- * Өзекті мақалалар, сұхбаттар
- * Жарнамалар

Индекс: 65583

Баламалы негізде: 11 айға - 3140 тг. 6 айға - 1700 тг.
Пошта арқылы: 11 айға - 4402,56 тг. 6 айға - 2384, 72 тг.

"Кен Жылоу" газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 95 22

Бүгінгі санды:

Боччадан инклюзивті турнир өтті



4-БЕТ

№5 (8209)
5 ақпан,
2026 жыл

* Валюта

OTYRAR және GRIFFIN коллекциялық монеталары

Қазақстан Ұлттық Банкі
(бұдан әрі – ҚҰБ)
«Қазақстанды монеталар арқылы зертте» сериясынан **OTYRAR** және «Көшпенділердің аңыздары мен мифтері» сериясы аясында **GRIFFIN** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады. Монеталар 2026 жылғы 8 қаңтардан бастап ҚҰБ <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет дүкені арқылы сатылады.



OTYRAR КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАРЫ

Отырар – Қазақстан тарихындағы бірегей археологиялық ескерткіш, Орталық Азияның ежелгі қалаларының бірі, Сырдария өзенінің аңғарында орналасқан Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда-көлөнер және мәдени орталығы. Қала керуен саудасының, ғылым мен білімнің маңызды орталығы – философ Әбу Насыр Әл-Фарабидің туған жері ретінде танымал.

Монетада көркемделген қалқан мен ежелгі Отырар қаласының көрінісі бейнеленген. Монетаның үстіңгі жағында қаланың бекініс қақпасы, қабырғалары мен мұнаралары орналасқан.

Монета алтын жалату технологиясын қолдана отырып, 925 сынамалы күмістен дайындалған. Монетаның массасы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм, сапасы – proof, номиналы – 1 000 теңге, таралымы – 2 000 (екі мың) дана.

GRIFFIN КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАРЫ



Еуразияның көшпелі халқында грифон денесі арыстан, басы бүркіт бейнесіндегі мифологиялық қанатты тіршілік иесі ретінде көрініс тауып, аспан мен жер күшінің үйлесімін білдірген. Аңызға айналған мифологиялық жануар жасырылған қазына сақшысы және әскери ерліктің, билік пен күн энергиясының белгісі болған. Грифон көшпенділердің «аң стилінде» – алтын, қару-жарақ, ат әбзелдері мен салт-жоралық әшекейлерінде көрініс

тауып, тотемдік мәнге ие болған.

Монетада ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген таулардың үстінде қалықтап тұрған грифон бейнеленген. Артқы жағында тау шыңдары трафарет техникасымен безендірілген.

Монеталар алтын жалату технологиясын қолдана отырып, 925 сынамалы күмістен дайындалған. Монетаның массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, сапасы – proof, номиналы – 1 000 теңге, таралымы – 2 000 (екі мың) дана.

Монетаның Қазақстан Республикасының бүкіл аймағында өздерінің белгіленген құнымен төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға және аударылуға, ұсақталуға және айырбасталуға міндетті.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Атырау филиалының қолма-қол ақшамен жұмыс және қасалық операциялар бөлімі

Келдің де кеттің, жандың да сондін жүлдіздей!
Мөңгіге алды-ау кара жер сені тұрғызбай.
Жыл болды, міне, қапыда кеткелі өмірден,
Бұл да бір бізге тағдырдың салған сынағы-ай.



Артында қалды ұл-қызын мен жан жарым,
Сағынады олар өкенің ыстық құшағын.
Жүректе мұн, тұншығып жасқа бөленіп,
Бауырларым жүр әлі де бұған сөзе алмай.

Асыл азамат, асқар тау әке, қимас бауырымыз

ШАКИРОВ АСҚАР ИГРАШИНҰЛЫНЫҢ

өмірден озғанына жыл толуына орай арналған дұға дастарханы 14 ақпан күні сағат 12.00-ге жайылатынын хабарлаймыз.

Шақырушы: Шәкіровтер әулеті
Өтетін орны: Құлсары қаласы,
«Grand Hall» мейрамханасы

Асыл жар, аяулы ана, Шарипов
Тұрлан келіні Азамат зайыбы

ЖҰМАЖАНОВА ЖАННА САЛАМАТҚЫЗЫНЫҢ

жылдық қадесі 8-ақпан күні сағат 11.00-де өтетінін хабарлаймыз.



Шақырушы:
Шариповтар әулеті
Өтетін орны: «Нүртілеу»
мейрамханасы

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 15 қыркүйек 2025 жылы қайтыс болған аз. Сасаева Жанат Сарсембаевнаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Нотариус Атырауского нотариального округа г.Кульсары Куанова Ш.К. сообщает: открыто наследственное дело в отношении умершего гр. Романова Виктор Ивановича, дата смерти 12.07.2025 года. В связи с чем просим наследников обращаться по адресу: г.Кульсары, ул.Б.Бойжанова, дом 2, кв.7. Тел.: 8 (31237) 5-13-91, 8-702 118 02 22.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 11 қараша 2025 жылы қайтыс болған аз. Изтлеуов Иван Нурғалиевичтың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов к-сі, 49. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 25 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған аз. Салахадиев Дюсенғали Амангельдиевичтың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов к-сі, 49. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

